

**Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 35-13 "2020-2022 жылдарға арналған Аққайың ауданының Григорьевка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2020 жылғы 1 шілдедегі № 39-10 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 шілдеде № 6427 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының "2020-2022 жылдарға арналған Аққайың ауданының Григорьевка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 35-13 шешіміне (2020 жылғы 16 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5828 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Аққайың ауданының Григорьевка ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 31778,5 мың теңге:

салықтық түсімдер – 2127 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 302,5 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

трансферттер түсімі - 29349 мың теңге;

2) шығындар -31778,5 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - 0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 0 мың теңге:

қарыздар түсімі - 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу - 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 0 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Аққайың ауданы

мәслихатының

XXXIX сессиясының торағасы

Солтүстік Қазақстан облысы

Аққайың ауданы

мәслихатының хатшысы

С.Семенов

С.Муканов

Солтүстік Қазақстан облысы  
Аққайың ауданы мәслихатының  
2020 жылғы 1 шілдесі  
№ 39-10 шешіміне  
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы  
Аққайың ауданы мәслихатының  
2020 жылғы 8 қаңтардағы  
№ 35-13 шешіміне  
1-қосымша

## 2020 жылға арналған Аққайың ауданының Григорьевка ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы , мың теңге
			1) Кірістер	31778,5
1			Салық түсімдері	2127
	04		Жекеменшік салықтар	2127
		1	Мүлік салығы	47
		3	Жер салығы	320
		4	Көлік салығы	1760
2			Салықтық емес түсімдер	302,5
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	302,5
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	302,5
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттердің түсімдері	29349
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	29349
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	29349

Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы , мың теңге
			2) Шығындар	31778,5
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	14654
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	14654
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14654
07			Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық	1537,5
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1537,5
		008	Елді мекендердегі көшендерді жарықтандыру	465
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	402,5
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	670
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	10870
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	10870
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	10870
13			Басқалар	4717
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4717
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	4717
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
			Қарыздар түсімі	0
			Қарыздарды өтеу	0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы , мың теңге

8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК